

journal "Therapeutic Archive". There we can meet "resetting kidneys" (English resetting) read as "reorganization of kidneys", "cholesteric scavenger" (English scavenger) in the text is possible to be understood as "receptors connecting an excess amount of cholesterol", "alternative splicing" (English splicing) read "unification by one of two options".

On the basis of transcription and transliteration there is formed unreasonable emergence of foreign-language terms. One of the main reasons for illiterate use of foreign-language vocabulary in the modern medical press: ignoring (or unwillingness to know) traditional ways of forming terms. This leads to individual term-development, "spoiled products" of which are introduced by their authors into practice through communication with other experts and sometimes have quite wide circulation, forming real "term-development epidemic".

The authors should also remember that in different sciences the same words can have different lexical meanings. For example, if in biochemistry there is "a coefficient of molar extinction", in physiology "extinction" means weakening the conditioned reflex in the absence of its fixing.

Eventually, having read this or that offer in which there are one or two unclear terms, it is possible to catch the sense. Perhaps, in this word there is a highlight the author wanted to bring to the reader but he didn't manage.

A heavy mix of highly specialized and more often far-fetched terms distance the essence of the scientific text from the reader. The sciolism causes, on the one hand, a natural protest in "normal" scientists, and on the other hand, it shows professional inferiority of the work statement style.

Our ancestors made a very careful use of speech. A word was understood by the ancient people as a living being. It is known that a word can cure, but it can also kill. Not incidentally the word "doctor" earlier had the meaning "sorcerer" (a person who cures by means of words; originally "casting spell").

Литература:

1. Сапунов Б. Русский язык и этика экрана. Высшее образование в России 2000; 5: 95–97.
2. Костомаров Р.Г. О языке диссертаций. Almamater 2001; 6: 32–33.
3. Введенская Л.А., Павлова Л.Г., Кашаева Е.Ю. Русский язык и культура речи. Учебное пособие для вузов. Ростов-на-Дону: Изд-во «Феникс»; 2002; – 544 с.
4. Циммерман Я.С. Терминологические проблемы в кардиологии и других разделах медицины. Клиническая медицина 1998; 3: 58–62.
5. Циммерман Я.С. «Западноевропейизмы» и их место в современной русской медицинской терминологии. Клиническая медицина 2000; 1: 59–63.
6. Лапин И.П. Загрязненный русский язык в современном психологическом и медицинском научном лексиконе. Социальная и клиническая психиатрия 2002; 1: 100–102.

Кенжебеков А.Х., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультетінің, I курс магистранты
(*Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Түйте Е.Е.*)

КӘСІБИ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

Тіл – қоғам өмірінде маңызды орын алатын күрделі құбылыс, сондықтан ол әрдайым қоғаммен бірге дамып отырады. Себебі тіл адамдардың бір-бірімен қатынас жасау, ой-пікір бөлісу, өзара түсінісу құралы ретінде сипатталады. Бұл ұғым бүгінгі таңдағы ғылыми ортада «коммуникация» терминімен түсіндіріледі. Аталмыш термин көп мәнді болғандықтан, қазақ тілінде «байланысу, сөйлесу, пікірлесу, ақпарат беру, қарым-қатынас жасау» деген мағыналарға саяды.

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ол ойдың санада пайда болу, қалыптасу құралы екені дәлелденген. Мәселен, неміс ғалымы В.Гумбольдт: «Тіл – ойды құраушы орган» - деп, сипаттап тілдің дүниетанымдық және ақпараттық функциясы барын айтады [1;33].

Коммуникацияны шартты түрде вербалды (тілдік) және бейвербалды (тілдік емес) деп екіге бөліп қарастырамыз. Вербалды коммуникация тілдік дыбыстар мен фонетикалық белгілер арқылы берілетін сөйлеу нәтижесінде жүзеге асырылса, бейвербалды коммуникация сол сөйлеуді толықтырып, сөйлеумен қатар қолданылатын түрлі ым, ишара, дене қалыбы және т.с.с. паралингвистикалық элементтер арқылы көрініс табады. Демек, бейвербалды қатынас түрлері тілдік қатынастың негізгі қосымша құралы ретінде сипатталады. Себебі, «коммуникация» терминін

зерттеуші ғалымдар адамға ақпараттың 35 пайызы сөз арқылы берілсе, қалған 65 пайызы бейвербалды амалдар арқылы берілетінін дәлелдеген [2; 13].

Бейвербалды амалдар күнделікті өмірде белгілі бір мамандық немесе кәсіп шеңберінде де қолданылып жатады. Тіл білімінде мұны ресми немесе кәсіби бейвербалды амалдар деп атайды [3; 2]. Қазақ тілінде бейвербалды амалдардың бұл түрі көп зерттеле қоймаған. Тақырыпты зерттеу барысында кәсіби бейвербалды амалдардың 3 түріне тоқталуды жөн көрдік. Олар:

1. Педагогикалық үдерісте қолданылатын ым-ишаралар;
2. Спорттық ойындарда қолданылатын ым-ишаралар;
3. Дирижерлік қызметте қолданылатын ым-ишаралар.

Бейвербалды амалдар педагогикалық қызмет түрлерін (уәждеме, жаңа материалды түсіндіру, кері байланыс орнату және т.б.) жүзеге асыруда жиі қолданылып, сол арқылы педагогикалық үдерістің нақтылы және ұтымды болуына септігін тигізеді. Осындай педагогикалық міндеттерді орындау барысында педагог-маманның бейвербалды амалдарды тиімді қолдана білуі өте маңызды. Педагогикалық қарым-қатынас барысында бейвербалды элементтердің (ым, ишара, дене қалыбы және т.б.) барлығы дерлік қолданылып, педагогикалық тәсілдің құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады. Зерттеуші Е.А.Петрованың айтуынша, педагогикалық қызметте *нұсқау, назар аударту, жағымды және жағымсыз жауап беру, өтініш білдіру, тыйым салу және маңызды бір нәрсеге көңіл аударту мәнді* бейвербалды амалдар жиі қолданылады екен [4; 33]. Көптеген зерттеушілер анықтағандай, педагогикалық үдеріс кезінде визуалды (көзбе-көз) байланыстың маңызы зор. Мысалы, мұғалімнің оқушыға көзін алмай қарап, қос қолын иегінің астына қоюы – мұқият тыңдап отырғандығының белгісі, сол секілді мұғалімнің оқушыға енжар қарап, көзін қай-қайта бұрып әкетуі – жіті мән бермей отырғандығын көрсетеді, ал бұл өз кезегінде оқушының көңіл-күйіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Тағы бір мысал: балаға бастауыш сыныптан бастап үйретілетін іс-әрекет - мұғалім сыныпқа кіріп келгенде оқушылардың орындарынан тұруы – олардың сәлемдескендігінің белгісі, ал мұғалімнің басын сәл иіп, көзімен көпшілікті шолып шығуы – оқушылардың сәлеміне жауап бергендігін білдіреді. Педагогикалық үдеріс кезінде тактильді байланыстың да өзіндік орны бар. Мұғалім сынып ішінде еркін қозғалып, бір орыннан екінші орынға ауысу арқылы оқушымен тактильді байланыс орната алады. Мысалы, мұғалім көңілі алаңдаулы оқушының қасына келіп, қолын иығына салу немесе қолын қолына тигізу арқылы оның сабаққа назарын қайта аударта алад немесе ашулы болса, сабасына түсіре алады.

Неміс психологы Д.Шпанхельдің тұжырымынша, бейвербалды қарым-қатынас 8 түрлі дидактикалық қызметті жүзеге асыруда қолданылады:

1) *уәждеме (мотивация); 2) жаңа ұғымдармен таныстыру; 3) оқушылардың психологиялық белсенділігін арттыру; 4) міндеттің немесе соңғы күтілетін нәтиженің қойылуы; 5) оқушылардың зерделік әрекеттерін (интеллектуальная деятельность) басқару; 6) оқушылардың білімдері мен қабілеттерін жаңа материалға икемдеу; 7) оқушылардың жетістіктеріне бақылау жасау; 8) кері байланыстың орнауына қол жеткізу* [5].

Бейвербалды амалдардың негізгі түрі – ишаралардың (жесты) көп қолданылатын салаларының бірі – спорт. Әсіресе, футбол, волейбол, хоккей, күрес (қазақша, еркін, грек-рим), гандбол сынды спорт түрлерінің төрешілері бірқатар ишараларды қолданатындығы белгілі. Мысалы, ұлтымыздың төл спорты – қазақ күресінің ережесі бойынша төреші оң немесе сол қолын иығының деңгейіне көтеріп, алақынын қырымен төмен ұстаса – «жартылай жеңіс» ұпайы беріледі. Ал, егер оң немесе сол қолын жоғары көтеріп, алақанын алдына қаратып ұстаса, палуанның «таза жеңіске» жеткенін білдіреді. Ал, енді футбол ойының төрешісі егер оң немесе сол қолын жоғары көтеріп, алақанын алдына қаратып ысқырық шалса, футболшының еркін соққы жасау керектігін меңзейді [6; 67]. Волейбол спортында да осыған ұқсас ишара бар, яғни волейбол төрешісі қос қолын жоғары көтеріп, алақандарын алдына қаратып ұстаса, тосқауыл қою кезінде қателік орын алғандығын білдіреді. Сондай-ақ, спорттағы кейбір ишаралар кейбір ұлттарда мүлде басқа мағына беруі мүмкін. Мысалы, оң қолды көлденең кеуде тұсында ұстап, сол қолды тігінен оң қолдың алақанына тигізу – спорттағы «тайм-аут» ұғымын білдірсе, дәл осы ишара жапон халқында төлем есебін (счет) сұрауды білдіреді.

Ым-ишаралар өте көп қолданылатын мамандықтың бірі – дирижерлік қызмет. Белгілі ресейлік хор дирижеры К.А.Ольхов: *«Ведущими средствами управления коллективом исполнителей (дирижирования) становятся визуальные – жест и мимика»*, - десе, ленинградтық дирижерлік мектептің негізін қалаушы И.А.Мусин: *«Жест дирижера заменил ему речь, превратившись в своеобразный язык, с помощью которого дирижер говорит с оркестром и слушателями о содержании музыки»*, - деп ым мен ишараның музыканың мазмұнын жеткізудегі басты құрал екендігіне көңіл аудартады [7; 11-36]. Осы тұрғыдан алып қарағанда «дирижерлік аппарат» ұғымы

келіп қалыптасады. «Дирижерлік аппарат» құрамына қос қол, бас (бет пен көз), кеуде мен иық және қос аяқ кіреді. Міне, дененің осы мүшелері арқылы дирижер негізгі қимылдарды жасай отырып, хор немесе оркестрді басқарады. Енді дирижерлік қызметте қолданылатын бірнеше ишаралардан мысал келтірейік. Дирижер сол қолының бас бармағы мен сұқ саусағын түйістіріп, қалған саусақтарды олардан жоғары ұстау арқылы үрлемелі аспаптардың ойнауын меңзейді; ал енді бас бармақ пен ортаңғы саусақты түйістіріп, қалғанын тік ұстау жеке орындаушылардың (солист) әуенді батыл орындау керектігін меңзейді. Дирижерлік таяқша (баттута) көп жағдайда дирижердің оң қолында болып, негізгі қимылдарды көрсетеді, алайда сол жақ қолдың өзіндік атқаратын 26 түрлі қызметі бар екен [8; 3-4].

Қорыта келе, коммуникациядағы бейвербалды амалдар, әсіресе ым (мимика) және ишаралар (жесты) қоғамның әлеуметтік салаларын қамтитын мамандықтарда өте көп кездесетінін байқауға болады. Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерінде қолданылатын ым-ишаралардан бөлек, әскери ым-ишаралар, дәрігерлік ым-ишаралар, дін қызметкерлерінің ым-ишаралары және т.с.с. деп қарастыра беруге болады. Сондықтан коммуникациядағы кәсіби бейвербалды амалдарды зерттеп, олардың өзіндік ерекшеліктері мен өзара мағыналық ұқсастықтарын әлі де зерттеу қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Тұрғанбаев Ә.Х. Тіл аралық байланыстар мен қатынастар диалектикасы. – Алматы, 2005. – 216 б.
2. Момынова Б. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер. – Алматы, 2003. – 167 б.
3. Өмірбекова Ж.Қ. З.Ахметованың «Шуақты күндер» атты естелік-эссесіндегі ер адамдарға қатысты бейвербалды амалдар. ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 7. 2009.
4. Петрова, Е.А. Жесты в педагогическом процессе / Е.А. Петрова - М: Высшая школа, 2006. - 132 с.
5. Стиль и методы управления коллективом [Электронный ресурс]: [Http://lib.nspu.ru](http://lib.nspu.ru)
6. Иманбетов А.Н. Футболдан жарысты ұйымдастыру: Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. – 108 бет.
7. Безбородова Л.А. Дирижирование: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. «Музыка» и учащихся пед. уч-щ по спец. «Муз.воспитание». – М.: Просвещение. 1990. – 159 с.
8. Сорокин И.Н. Роль выразительных средств в дирижировании: Методическая разработка. – Воркута, 2009. – 12 с.

Кондратьева Ю.Т., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, факультет иностранных языков, магистрант гр. ИФМ -21
(Научный руководитель – д.ф.л.н., профессор **Исина Г.И.**)

КОГНИТИВНЫЕ МЕХАНИЗМЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ МЕДИАДИСКУРСА

Средства массовой коммуникации глубоко включены в процессы формирования стабильности, изменений и конфликтов на уровне социума. В условиях, когда общество находится в состоянии нестабильности, влияние массовой коммуникации усиливается. В это время неизбежно происходят кардинальные трансформации в ценностных представлениях и установках людей, что сопряжено с более активной циркуляцией социальной информации.

Говоря о механизмах функционирования медиадискурса, прежде всего мы имеем в виду механизмы воздействия в масс-медиа, которые определяются нами как манипулятивная аудиовизуальная организация информационных потоков в сфере СМИ, осуществляемая отправителем текста (журналистами, политиками) получателю текста (массовой аудитории) и обладающая сильным персуазивным эффектом на сознание. Данные механизмы реализуются с помощью основных типов медиапрезентаций, когнитивных стратегий воздействия, когнитивных и языковых средств, визуальной информации.

По Добросклонской Т.Г., моделирование механизма отображения реальных событий средствами массовой информации позволяет выделить три основных типа медиапрезентаций, которые условно можно обозначить как *отражение*, *реконструкция*, *миф* [1]. Отражение предполагает наиболее точное, максимально приближенное к реальности воспроизведение событий. Примером могут служить новостные медиатексты, в которых объективно и достоверно освещаются